

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Екінші саммитін дайындау мен өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 10 маусымдағы N 158-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру бойынша бастамасын, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Екінші саммитін (бұдан әрі - АӨСШК-нің Екінші саммиті) Қазақстан Республикасында 2006 жылғы 17 маусымда Алматы қаласында дайындау мен өткізуді жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі АӨСШК-нің Екінші саммитін дайындау мен өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:

1) 1-қосымшаға сәйкес Әзірбайжан Республикасының, Ауғанстан Ислам Республикасының, Египет Араб Республикасының, Израиль Мемлекетінің, Үндістан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Корей Республикасының, Қырғыз Республикасының, Моңғолияның, Пәкістан Ислам Республикасының, Палестина Мемлекетінің, Ресей Федерациясының, Тайланд Корольдігінің, Тәжікстан Республикасының, Түркия Республикасының, Өзбекстан Республикасының (бұдан әрі - мүше мемлекеттер), Вьетнам Социалистік Республикасының, Индонезия Республикасының, Малайзияның, Америка Құрама Штаттарының, Украинаның, Жапонияның (бұдан әрі - қадағалаушы мемлекеттер), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Біріккен Ұлттар Ұйымының, Араб мемлекеттері лигасының (бұдан әрі - қадағалаушы ұйымдар), Сауд Арабиясы Корольдігінің, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Еуропалық Одақтың, Шанхай ынтымақтастық ұйымының (бұдан әрі - қонақ мемлекеттер) ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) АӨСШК-нің Екінші саммитін өткізуге арналған шығыстарды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету", 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" және 004 "Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен бірлесіп, байланысты қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдар және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының басшылары мен мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақтарды күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т е р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегациялары арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

2) мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының арнайы ұшақтарына Алматы қаласының әуежайында техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының әкімі мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларын қарсы алу және шығарып салу, Алматы қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының басшыларын Алматы қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларына қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында оларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының министрліктері бекітілсін.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 10 маусымдағы
N 158 - өкiмiне
1-қосымша

**АӨСШК-нің Екінші саммитіне мүше мемлекеттердің,
қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және
қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының басшылары мен
мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Алматы қаласының "Риджент Анкара", "Хаят Ридженси" отелдеріне және қонақтар резиденцияларына АӨСШК-нің Екінші саммитіне қатысатын мүше мемлекеттердің ресми делегациялары мүшелерін 1+5 форматы бойынша, қадағалаушы мемлекеттерді, қадағалаушы ұйымдарды 1+2 форматы бойынша және қонақ мемлекеттерді 1+2 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегациялары басшыларының орналасқан орындарына Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін орналастыру.

3. Залдарды, ілеспе аударма үшін жабдықтарды жалға беру, кеңсе тауарларына, минералды суға, кофе-брейкке және АӨСШК-нің Екінші саммитін, екі жақты кездесулерді өткізу үшін қажетті басқа да шығыстарға ақы төлеу.

4. Баспа өнімдерін (баннерлер, папкілер, қаламдар, кеудеге тағатын белгілер, бейдждер, автомобильдерге арналған арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақыру билеттері) дайындауға ақы төлеу.

5. Мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

6. Алматы қаласы әуежайының VIP залдарында делегацияларды қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастырып, ресми делегацияларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

7. Мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегациялары басшыларының құрметіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан ресми қабылдау ұйымдастыру.

8. Мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

9. 2006 жылғы 10 - 18 маусымда ұтқыр транкингті байланысты жалдауға ақы төлеу.

10. Ұтқыр ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеу.

11. Мүше мемлекеттердің штабтық бөлмелеріне және мінәжат етуге арналған бөлмелерді жалға алуға ақы төлеу.

12. Ұйымдастыру комитеті мен мүше мемлекеттердің штабтық бөлмелері үшін қажетті ұйымдастыру техникаларын, телефон байланысы мен кеңсе тауарларын жалға алуға ақы төлеу.

13. Ілеспе аудармашылар қызметтеріне ақы төлеу.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 10 маусымдағы
N 158 - ө екіміне

2-қосымша

АӨСШК-нің Екінші саммитіне қатысатын мүше мемлекеттердің, қадағалаушы мемлекеттердің, қадағалаушы ұйымдардың және қонақ мемлекеттердің ресми делегацияларының басшыларына

Қазақстан Республикасының министрліктерін бекітіп беру

Р/с №	Делегация	Бекітіліп берілген министрліктер
1	2	3
1.	Әзірбайжан Республикасы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
2.	Ауғанстан Ислам Республикасы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
3.	Египет Араб Республикасы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
4.	Израиль Мемлекеті	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
5.	Үндістан Республикасы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
6.	Иран Ислам Республикасы	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
7.	Қытай Халық Республикасы	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
8.	Қырғыз Республикасы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
9.	Монғолия	Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі
10.	Пәкістан Ислам Республикасы	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
11.	Палестина Мемлекеті	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
12.	Ресей Федерациясы	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
13.	Тайланд Корольдігі	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
14.	Тәжікстан Республикасы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
15.	Түркия Республикасы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

16.	Өзбекстан Республикасы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
17.	Вьетнам Социалистік Республикасы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
18.	Индонезия Республикасы	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі*
19.	Корей Республикасы	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
20.	Малайзия	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі*
21.	Америка Құрама Штаттары	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі*
22.	Украина	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі*
23.	Жапония	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі*
24.	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
25.	Біріккен Ұлттар Ұйымы	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
26.	Араб мемлекеттері лигасы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
27.	Сауд Арабиясы Корольдігі	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
28.	Біріккен Араб Әмірліктері	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

* Жоғары деңгейдегі делегациялар қатысқан жағдайда, оларға бекітіп беру өзгеруі мүмкін.